

И. Құрманов атындағы ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы И.Құрманов атындағы ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 12 шілдедегі № 22 шешімі. Ақтөбе облысы Қобда аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 9 тамызда № 3-7-119 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Қобда ауданы И.Құрманов атындағы ауылдық округі әкімінің 30.12.2014 № 13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Деректемелеріне өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Қобда ауданы И.Құрманов атындағы ауылдық округі әкімінің 03.04.2017 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және И.Құрманов атындағы ауылдық округі тұрғындары конференциясының 2011 жылғы 3 маусымдағы № 1 хаттамасы негізінде, Қобда ауданының И.Құрманов атындағы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Қобда ауданы И.Құрманов атындағы ауылдық округі әкімінің 03.04.2017 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Бегалы ауылының көшелеріне осы шешімге қоса тіркелген сызба картаға сәйкес төмендегі атаулар берілсін:

- 1) Ынтымақ көшесі;
- 2) Исламғали Құрманов көшесі;
- 3) Төле би көшесі;
- 4) Абай Құнанбаев көшесі;
- 5) Әлия Молдағұлова көшесі.

2. Егіндібұлақ ауылының көшелеріне осы шешімге қоса тіркелген сызба картаға сәйкес төмендегі атаулар берілсін:

- 1) Тәуелсіздік көшесі
- 2) Астана көшесі

3. Бегалы ауылының келесі көшелерінің атауы өзгертілсін:

- 1) Қызыл әскер көшесі – Бейбітшілік көшесі;

- 2) Мира көшесі – Жеңіс көшесі;
- 3) Комсомол көшесі – Әйтеке би көшесі;
- 4) Щербак көшесі – Достық көшесі.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Қ.Әмірғалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК